

28 ҚАЗАН
2004 ЖЫЛ
БЕЙСЕНБІ

Жаc

Алaш



ЖАC АЛAШ

№ 129

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

● ГАЗЕТ 1921 ЖЫЛҒЫ 22 НАУРЫЗДАН ШЫҒА БАСТАДЫ

«Жарамазан» ба, «Жарамазан» ба!

Қазақта Ораза айында ұстанатын бір салт бар. Ол — жарамазан айту. Ескіліктен келе жатқан осы «жарамазан» атауын көп жерде «жарапазан» деп айтып, осылай жазып жүр. «Бұл қайдан шыққан!» деп, бұған қатысты ескі кітаптар мен жырларды, зерттеу мақалаларын бірнеше жыл бойы ақтарып жүрдім. Сонда «ең көне дерек» болып, қолыма іліккені — «Социалды Қазақстан» газетінің 1938 жылғы қараша айындағы бір нөмірінде осы туралы жазылған мақала болды. Ислам дінін жерден алып, жерге салған бір шалағай қаламгер мақаласында жарамазанды «жарапазан» деп жазыпты. Сірә, жарамазанның кейінгі уақыттарда «жарапазан» деп аталып кетуіне осындай шалағайлық себеп болған сияқты.

Қазір бірталай басылымдарда осылай жазып жүр. Тіпті, белгілі «Арқас» ансамблінің «Жарапазан» деген әні болатын. Бұлай жазу мен айту — олардың ислам діні тарихынан, сонымен қатар сол дінге қатысты қазақтың салт-дәстүрінен, сондай-ақ, жалпы халықтың өнерінен хабарсыз екенін көрсетеді. Кімнен болса да, «жарапазан деген сөз ненің мағынасын білдіреді?» деп сұрап көрейікші. Ешкім айта алмайды. Бұл, тіпті, ескіріп кеткен архаизм де емес. Ал, «жарамазанның» қазақы ұғымға жақын мән-мағынасы бар.

Қазақы ұғым демекші, жарамазан — тек қазақ халқы ғана қолданып келген Оразаның әні. Бұл қазір қазақ ауылдарына жақын өзбектер арасында байқалып қалады. Алайда, олар бізге еліктеп жүр. Әйтпесе, таза өзбектер тұратын Ферғана жазығындағылар, Бұқара мен Самарқан айналасындағылар оның не екенін де білмейді. Араб жұртында мұндай кәде атымен жоқ.

Жарамазанның пайда болуы қазақы ән өнерінің түрлі мазмұны мен мән-мағынаға бөліне тармақталып айтылатын үрдісіне байланысты туған. Әндегі мазмұн мен мән-мағына дегенімізді қазақтың арнау әндері айналасынан көруге болады. Арнау әндер екі кісінің басы қосылған жерде айта беретін бұқаралық әндерге жатпайды. Бұған жар-жар, қыз бен жігіт айтысындағы қағытпа сөзді әуен, әлдекімге мадақ ән, тіпті, жоқтау сарыны да кіреді. Өлім болмаса, жоқтау айтылмайды. Мадақ әлдебіреудің той-салтанатына қатысты шырқалады. Осы сияқ-



ты қазақта белгілі бір салт-жоралғыларға ғана арнап айтылатын ән бар. Ол — жарамазан. «Жарамазан» сөзінің түпкі мағынасы «жар-рамазан» дегеннен шыққан. Халқымызда бір сөзге қосыла айтылғанымен, одағай сөз боп естілетін «жар-жар» тіркесі — өмірдегі қуаныш пен шаттықтың, көңілдің тасығанын білдіретін сазды ұғым. Осыған байланысты бұрынғы қазақтар өздері мереке деп есептеген Ораза айына, яғни Рамазанға жар-жар арнаған. Сөйтіп, күнде кешкілік ауылдастарының есік алдына барып, оларды Рамазанға (Оразаға) арналған әнмен құттықтаған. Оны күндіз айтуға рұқсат етілмеген. Тек кешкісін, ауызашардан кейін көңіл жайланған соң ғана айтылғаны дұрыс деп тапқан. Содан кейін Рамазан (Ораза) айында ғана айтылатын әнді «Рамазан жар-жары» немесе айтылуы оңай «Жар-рамазан» деп атаған ғой. Сөйтіп, айтыла-айтыла келіп «жарамазан» деген тұтас бір сөзге айналған. Енді осындай мән-мағынасы бар сөзді «жарапазан» деп өзгерту және солай деп жазу кімге тиімді екені түсініксіз-ақ.

Кеңес кезінде жарамазанды қайыршылардың әні етіп көрсетіп қана қоймай, оның атының да әдейі бұрмаланып кетуі мүмкін. Шын мәнінде, жарамазан айту — ешқандай қайыршылықтың нышаны емес. Бұны Рамазан айының қастерлі де қасиеттілігін әнмен паш етудің көрінісі деп ұққан жөн. Және Оразаға жарамазан айта келген үйге арналған жақсы тілекті табан астында өлеңмен құрап айта алу — ер жігіттер үшін ақындық, серілік, әншілік мәртебе саналған. Әйтпесе, ертеректе қай қазақ түн ішінде ән салып, қайыр сұрады екен?!

Біздің облыстағы бір басылым «жарапазан (дұрысы — жарамазан) Оразаның басын үш күн, ортасында үш күн, аяғында үш күн айтылғаны дұрыс» деп жазыпты. Автордың мұны кеңестік атеистік сарынмен жазылған шығармалардан алғаны байқалады. Мейлі, о заманда не жазылмады дейсің. Бірақ, бірде-бір діни ғұлама, сондай-ақ, салт-дәстүрді білетін есті жан бұған келіспес еді. Себебі, жарамазан отыз күн Ораза бойы айтыла беруі тиіс. Оған бұл айда қойған шектеу жоқ.

Сонымен, Рамазан (Ораза) әнін ешбір мағынасыз «жарапазан» деуді қойып, ұғымды мәні бар «жарамазан» деген атаумен айтсақ, бұған ешкімнің де дауы болмайтын шығар деп ойлаймыз.

Момбек ӘБДӨКІМУЛЫ.